



BYD NEW ENERGY VEHICLE

ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

BUILD YOUR DREAMS

Алғысөз	3
Кепілдіктің шарттары мен ережелері	4
Кепілгер және оның міндеттері	4
Қолданыстағы заңнамаға сәйкес көлік иесінің құқықтары	4
Шектеулер және жауапкершіліктен бас тарту	4
Кепілдіктің таралуы және оның әрекет ету мерзімі	4
Аккумулятор батареясына кепілдік	5
Трансмиссияға кепілдік	6
Стартердің қорғасын-қышқылды аккумулятор батареясына кепілдік	6
Жеке компоненттерге кепілдік	6
Негізгі кепілдік	6
Қосалқы бөлшектерге кепілдік	7
Шығыс материалдары мен тез тозатын бөлшектерге кепілдік	7
Негізгі кепілдік шектеулері мен ережеден тыс жағдайлар	7
Өзге ережеден тыс жағдайлар	8
Көлік иесіне арналған хабарлама	9
Қосымша	11

Алғы сөз

Құрметті көлік иесі!

BYD NEV маркасын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз¹!

Осы нұсқаулықты оқып шығу BYD NEV кепілдік саясатын түсіну және заңды кепілдік құқықтарды қолдану үшін қажет.

BYD компаниясы NEV автокөлігіне ұзақ кепілдік мерзімін ұсынады. Қолданыстағы кепілдік саясатында қарастырылған барлық артықшылықтарға ие болу үшін келесі кеңестерге сүйеніңіз: автокөлікті пайдаланған кезде бағдарламалық құралдың ең жаңа нұсқасын қолданыңыз; автокөлігіңізді Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген талаптарға сәйкес басқарыңыз; және техникалық қызмет көрсетуден өту үшін Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген кестеге сәйкес тек BYD компаниясының авторландырылған сервис орталығына (бұдан әрі «сервис орталығы») хабарласыңыз.

Кепілдік мерзімінің ішінде жергілікті сервис орталығы ақаулардың туындауына байланысты немесе өндірістік процестің бұзылуы салдары ретінде бұйымның жұмысында бұзылыстар тудырған сапамен байланысты проблемаларды айқындауы және тегін түрде кепілдік техникалық қызмет көрсету ұсынуы тиіс.

Автокөлікті алған кезде оның сыртқы түрін және ілеспе аксессуарлардың тізімін мұқият тексеріңіз.

BYD компаниясы осы кепілдік нұсқаулығының ережелеріне және шарттарына сәйкес автокөлікке толықтай қызмет көрсетуге міндеттенеді.

Сізге автокөлігіңізбен жағымды және қызықты сапарлар тілейміз!

1 NEV — New Energy Vehicle (жаңа қуатпен қозғалатын автокөлік).

Кепілдіктің шарттары мен ережелері

Кепілгер және оның міндеттері

BYD автокөліктерін кепілдікпен қамту Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және ТМД-ның басқа аймақтарында қамтамасыз етіледі². Жаңа автокөлікке берілетін осы шектеулі кепілдік аясындағы сіздің құқықтарыңыз бен BYD компаниясының міндеттемелері автокөлігіңіз BYD компаниясынан алғаш рет сатып алынған өңірде қолданылады. Қиындықтар туындаса, BYD ресми уәкілетті дилеріне хабарласыңыз.

Осы шектеулі кепілдік таралатын кез келген ақау туындаған жағдайда бөлшекті жөндеу немесе жаңа, жөнделген немесе қалпына келтірілген компонентке ауыстыру туралы шешім BYD компаниясы немесе оның дилері тарапынан олардың өз қалауы бойынша қабылданатын болады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес көлік иесінің құқықтары

BYD компаниясымен немесе оның дистрибьюторымен тұтынушылық тауарлар сатылымын реттейтін қолданылатын ұлттық заңнама аясындағы автокөлік сатып алу туралы шартқа сәйкес көлік иесінің заңды құқықтарын толықтыратын және қозғамайтын өндірушінің кепілдігі.

Шектеулер және жауапкершіліктен бас тарту

Бұл көлік иесінің автокөлігіне қатысты берілетін айқын білдірілген жалғыз кепілдік; қолданыстағы заңнама шеңберінде тауарлық күйдің немесе нақты мақсат үшін жарамдылықтың кез келген ұйғарынды кепілдігі берілмейді немесе мәлімделген әрекет ету мерзімімен шектелмейді. Кейбір елдердің және аймақтардың заңнамаларының кездейсоқ немесе жанама нұқсанның есептен шығарылуларына немесе шектеулеріне жол бермеуіне байланысты олардың аумағында ұйғарынды кепілдіктердің жоғарыда көрсетілген шектеулері немесе есептен шығарулары қолданыла алмайды. Кепілдік белгілі заңды құқықтар береді. Қосымша құқықтардың берілуі елдің немесе аймақтың заңды талаптарына сәйкес мүмкін.

BYD компаниясынан өзге ешқандай компаниялар осы автокөлікке қатысты қандай да бір өзге кепілдіктер беруге, міндеттемелер немесе жауапкершілік көтеруге өкілетті емес.

Кепілдіктің таралуы және оның әрекет ету мерзімі

Көлік құралына шектеулі кепілдік қайсысының бұрын болатынына байланысты BYD компаниясы немесе BYD дилері автокөлікті бірінші бөлшек сауда немесе корпоративтік көлік иесіне жеткізген бірінші күннен немесе алғаш пайдалануға енгізілу күнінен басталады және көлік құралына шектеулі кепілдік бойынша осы нұсқаулықтың кепілдіктің әрекет етуі бөліміне сәйкес кепілдікте көрсетілген кезеңге таралады.

2 ТМД — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

Сипаттамалар:

БҰЙЫМ САНАТЫ	ҰЗАҚТЫҒЫ	ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛ	ЕСКЕР- ТУЛЕР
Аккумулятор батареясы	96 ай	150 000 км	SOH ³ ≥70 %
Трансмиссия	96 ай	150 000 км	/
Стартердің қорғасын- қышқылды аккумулятор батареясына кепілдік (бар болған кезде)	12 ай	20 000 км	
Жеке компоненттер	48 ай	120 000 км	/
Негізгі кепілдік	72 ай	150 000 км	/
Қосалқы бөлшектер	12 ай	/	/
Шығыс материалдары мен тез тозатын бөлшектер	/	/	/

- BYD зарядтау ағытпасын⁵ және BYD VTOL зарядтау ағытпасын⁶ (бар болған кезде) қоспағанда, осы кепілдік аксессуарларға⁴ қолданылмайды.
- Кепілдіктің күші көлік құралын ауыстыруды қоса алғанда, осы кепілдікке сәйкес жөнделген немесе ауыстырылған бөлшектерге тек шектеулі кепілдіктің сәйкес кезеңі аяқталғанға дейін немесе заңнамада қарастырылған өзге түрде қолданылады.

Аккумулятор батареясына кепілдік

Аккумулятор батареясына кепілдіктің қолданыс мерзімі батареяның кемінде 70 % сыйымдылығы сақталған жағдайда қайсысының бұрын болатынына байланысты 96 айды немесе 150 000 км жүрілген жолды құрайды. Аккумулятор батареясын жөндеу қажет болған жағдайда BYD компаниясы оны өзінің қалауы бойынша жөндейді немесе жаңасына, қалпына келтірілгеніне немесе жаңадан жасалып шығарылғанына ауыстырады. Батареяның ауыстырылуы оның техникалық сипаттамаларының автокөліктің жаңа күйіне сәйкес келетінін кепілдендірмейді, алайда BYD компаниясы ауыстырылған аккумулятор батареясының сыйымдылығы кемінде түпнұсқа батареяның ақаулық пайда болған сәттегі сыйымдылығына тең болатынын кепілдендіреді.

Осы кепілдік төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қалыпты қолдану кезіндегі ақауларды жою үшін қажетті кез келген жөндеуге қолданылады:

- Қуатынан толық арылған аккумулятор батареясы: автокөлік нөлдік заряд күйіндегі аккумулятор батареясымен қалдырылған.
- Аккумулятор батареясының физикалық зақымдалуы немесе қасақана оның қызмет ету мерзімін қысқартуға бағытталған әрекет қылу.
- Аккумулятор батареясына бағытталған оттың тікелей әсері.
- Аккумулятор батареясының кез келген бөлігін суға немесе басқа сұйықтықтарға батыру.
- Аккумулятор батареясының корпусын рұқсатсыз ашу немесе оған BYD компаниясының сертификатталған маманынан өзге тұлғаның қызмет көрсетуі.
- Аккумулятор батареясына агрессивті ортаның (мысалы, күшті қышқылды немесе сілтілі ортаның) әсер етуі.

3 SOH — техникалық күй (State of Health).

4 Аксессуарлар: электрондық кілт, NFC картасы, велюр еден төсеніші, өйнектазалағыш щеткалар, жарық шағылыстырғыш кеудеше, апаттық аялдау белгісі, сүйреу құлақшасы, шиналарға арналған герметик, сорғы, сәндік қақпақтың сомынына арналған шешкіш.

5 2 және 3 зарядтау режимін қоса алғанда, BYD зарядтау ағытпасына кепілдік мерзімі 12 айды құрайды.

6 BYD VTOL зарядтау ағытпасына кепілдік мерзімі 12 айды құрайды.

- Аккумулятор батареясының үйлеспейтін зарядтау жабдығының және батареяны басқару жүйелерінің себебінен немесе дұрыс зарядтау рәсімдерін сақтамаудан зақымдалуы.
- Аккумулятор батареясының сервис орталығында техникалық қызмет көрсету кезінде істен шығуынан туындаған жанама залал.
- Аккумулятор батареясының автокөлікке қоршаған ортаның 55 °C-тан жоғары немесе -40 °C-тан төмен температурасының 24 сағат бойы тікелей әсер етуінен зақымдалуы.

Аккумулятор батареясы барлық литий-ионды аккумуляторлар секілді уақыт өте келе біртіндеп өзінің сыйымдылығын жоғалтады. Аккумулятор батареясына кепілдік туралы осы ережелерде көрсетілген жағдайларды қоспағанда осы кепілдік сыйымдылықтың біртіндеп азаюының табиғи салдары болып табылатын аккумулятор батареясының сыйымдылығының төмендеуіне таралмайды. Аккумулятор батареясының жарамдылық мерзімін барынша ұлғайту және аккумулятор сыйымдылығын сақтау туралы маңызды ақпарат алу үшін BYD Пайдалану нұсқаулығымен танысыңыз.

Трансмиссияға кепілдік

Трансмиссияға кепілдік қайсысының бұрын орын алатынына байланысты 96 айды немесе 150 000 км жүрілген жолды құрайды. Бұл кепілдік төменде тізімі берілген және BYD компаниясы жеткізетін компоненттердің ақауларын жою үшін қажетті кез келген жөндеуге таралады:

- Тартқыш электр қозғалтқышы.
- Тартқыш электр қозғалтқышының контроллері.

Стартердің қорғасын-қышқылды аккумулятор батареясына кепілдік

Стартердің қорғасын-қышқылды аккумулятор батареясына кепілдік қайсысының бұрын болатынына байланысты 12 айды немесе 20 000 км жүрілген жолды құрайды.

7 Шығыс материалдары мен тез тозатын бөлшектер: тежегіш қыспақтары, өйнектазалағыш щеткалар, қыздыру шамдары, сақтандырғыштар, жай реле (кіріктірілген басқару блогын қоспағанда), ауа сүзгісінің элементі, кондиционер сүзгілері (толы сүзгі, жоғары әсерлі сүзгі, электростатикалық сүзгі), «таблетка» пішінді қуат элементі, шиналар, май сүзгісі, отын сүзгісі, оталдыру білтелері, жетекті ілінісу дискісі, заттаңбалар, салқындату сұйықтығы, салқындатқыш агент, майлағыш материалдар, өйнектерді тазалауға арналған құралдар, майлардың, сұйықтықтардың барлық түрлері және т.с.с.

Жеке компоненттерге кепілдік

Төменде көрсетілген түпнұсқа BYD компоненттері, модульдері мен жүйелері үшін кепілдік мерзімі қайсысының бұрын болатынына байланысты 48 айды немесе 120 000 км құрайды.

- Жарық аспаптары (қыздыру шамдарынан басқасы).
- Шина қысымын бақылау модулі.
- Аспа.
- Шарлы топсалар.
- Мультимедиа жүйесі.
- Амортизаторлар.
- Қозғалтқыш белбеуі.
- Шаңнан қорғайтын қаптар/төлкелер.
- Төлкелер/жастықтар.
- Сықпа мойынтірек.
- Күпшек мойынтіректері.
- PM2.5 тахеометрі.
- Айнымалы/тұрақты ток зарядтау ағытпасының жинақталған түрі.
- USB зарядтау ағытпасы.
- Көмір сүзгісі.
- Отынды жылыту модулі.

Негізгі кепілдік

Осы кепілдік нұсқаулықта көрсетілген компоненттерді және/немесе бөлшектерді қоспағанда, қалған барлық бөлшектер үшін негізгі кепілдік мерзімі қайсысының бұрын болатынына байланысты 72 айды немесе 150 000 км құрайды. Осы құжатта белгілі бір бөлшектерге бөлек кепілдіктер және ережеден тыс жағдайлар болған жағдайда бұған дейін ол тиісінше қолданылған болса, BYD компаниясы кез келген ақаулы бөлшекті жөндеп немесе ауыстырып береді.

Қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік

Көлік иесі өз есебінен сатып алған және тиісті түрде орнатқан түпнұсқа қосалқы бөлшектер үшін (шығыс материалдары мен тез тозатын бөлшектерді қоспағанда) кепілдік мерзімі олардың сатып алынған немесе орнатылған күнінен бастап 12 айды құрайды. Егер қосалқы бөлшектің кепілдік мерзімі көлік құралына негізгі кепілдіктің қалған әрекет ету мерзімінен кем болса, көлік иесінің пайдасы принципі қолданылады; және бөлшектің кепілдік мерзімі негізгі кепілдіктің қалған мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады.

Қосалқы бөлшектерге кепілдік келесі шарттар сақталған жағдайда таралады:

- Сатып алынған және орнатылған бөлшектер BYD компаниясының түпнұсқа қосалқы бөлшектері болып табылады.
- Көлік иесі сервис орталығында ақысы төленген техникалық қызмет көрсетудің куәлігін (мысалы, техникалық қызмет көрсету туралы құжат) ұсынады.
- Кепілдік қосалқы бөлшектерге жүгінбес бұрын ақаулы бөлшектердің пайдалануға жарамсыздығына көз жеткізу қажет.

Шығыс материалдары мен тез тозатын бөлшектерге кепілдік

Материалдың қандай да бір кемшілігі немесе құрылысының проблемалары бар жағдайларды қоспағанда, осы кепілдік шығыс материалдары мен тез тозатын бөлшектердің⁸ күнделікті қолданылуынан туындаған тозуға таралмайды.

Негізгі кепілдік шектеулері мен ережеден тыс жағдайлар

Көлік құралының шектеулі кепілдігі саясаты мерзімдік техникалық қызмет көрсетуге (BYD Пайдалану нұсқаулығына сәйкес), сондай-ақ өзгелерімен қатар тікелей немесе жанама түрде төмендегілердің нәтижесінде туындаған ақауларға, зақымдарға, ақаулықтарға немесе қолданудың жағымсыз тәжірибесіне таралмайды:

- Жаңартудың бар екені туралы хабарламадан кейін автокөлік бағдарламалық жасақтамасының жаңартуларын орнату.
- Сатып алынған автокөліктің ақаулығы туралы клиентке жазбаша хабарлау.
- BYD компаниясының немесе BYD дилерлерінің автокөліктерді кері қайтару бойынша ұсынымдарын орындамау.
- VIN⁸ нөмірін; одометрді зақымдау немесе өзгерту немесе онымен байланысты басқа көлік құралының жүйесін өшіру, VIN нөмірін өзгерту немесе нақты жүріп өткен жолын анықтауды қиындататын жұмыс істемейтін күйге келтіру.
- Өзгелерімен қатар ұрлықты, вандализмді, заңсыз қолдануды⁹, ұқыпсыздықты немесе жаппай тәртіпсіздіктерді қоса алғанда, адами фактордан туындаған шығындар.
- Өзгелерімен қатар дауылдарды, су тасқындарын, құйындарды, бұршақты, жер сілкінісін және найзағайды қоса алғанда, форс-мажор жағдайларының салдарынан келтірілген шығын.
- Бұйымның дұрыс пайдаланбаудан, мысалы, драг-рейсингтен туындаған зақымдануы.
- Ақаулығы анықталғаннан кейін автокөлікті пайдалануды жалғастыру.
- Бөлшектердің зақымдалуына алып келген белгіленген зарядтау рәсімдерінің сақталмауы.

8 VIN — көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (Vehicle Identification Number).

9 Өзгелерімен қатар келесілерді қоса алғанда: шектен тыс жүк тиеу, жиектастарға соғылу, топырақ жолдармен жүру және т.с.с.

- BYD нұсқаулығында көрсетілген техникалық қызмет көрсету талаптарына сай келмейтін дұрыс жүргізілмеген жөндеу немесе жөндеу және техникалық қызмет көрсету.
- Күмәнді өндіруші шығарған рұқсат етілмеген бөлшектерді немесе компоненттерді қолданудан туындаған көлік құралының немесе оның жүйелерінің ақаулықтары немесе кемшіліктері.
- Өзгелерімен қатар ішіне қарай ойылуларды, сызаттарды, шуды, дірілді, косметикалық ақауларды және қалыпты тоздан туындаған өзге де зақымдарды қоса алғанда, табиғи тозу.
- Апаттар, соқтығысулар немесе көлік құралына заттардың соғылуы.
- Сыртқы факторлардан туындаған өрт немесе жарылыс.
- Өзгелерімен қоса, тежегіштердің шиқылын, жалпы соғылуларды, сықырларды, салдырлауды, сондай-ақ ауа ағынынан және жол төсемінің күйінен дірілдеуді қоса алғанда, жалпы сыртқы түр немесе қалыпты шуыл мен діріл.
- BYD компаниясы жасап шығарған немесе жеткізген алдыңғы немесе өзге әйнектің материалының ақауынан туындаған зақымдарды қоспағанда, сынған, кертілген, сызаттанған немесе жарылған алдыңғы әйнек немесе өзге әйнектер.
- Қарастырылмаған жағдайларда немесе өзгелерімен қатар химиялық заттардың шашырандыларын, ағаш шайырын, темір жол тозаңын, жануарлардың көңін, бейорганикалық тұздарды қоса алғанда, уақтылы кетірілмеген ластауыш заттармен пайдалану.
- BYD компаниясының нұсқаулықтарына немесе өзге кез келген тиісті стандарттарға сәйкес автокөлікте қолдануға жарамайды деп саналатын мұнай өнімдерімен немесе өзге химиялық заттармен, сумен немесе өзге кез келген сұйықтықпен зақымдалу, мысалы, сәйкес келмейтін немесе ластанған жанармай, пайдалану сұйықтықтары немесе майлағыш материалдар қолдану.
- Сәйкес емес бояу, дұрыс емес немесе ұқыпсыз пайдалану, аксессуарларды орнату, химиялық заттардың әсер етуі, автокөлікке дұрыс қызмет көрсетпеу немесе пайдалану, апаттар, табиғи факторлардан туындаған зақымдану, өрт немесе дұрыс сақтамау нәтижесінде пайда болатын лак-бояу жабынының ақаулары.
- Бөтен жеткізушінің (BYD компаниясының емес) жасап шығарған немесе жеткізген материалдарын қолданудан немесе материалдардың сапасынан туындаған бұйымның ақаулығы.
- Сақтандыру компаниясының көлік құралының толық конструктивті жойылуын мойындауы.
- Көлік иесінің ақаулық (немесе зақымдану) туралы уақтылы хабарламауынан немесе жөндеу үшін автокөлікке қолжетімділікті ұсынбауынан немесе көлік иесінің бөлшектерді уақтылы қарап тексеруге, диагностикалауға және техникалық жөндеуге қарсылық білдіруінен туындаған залал/зақым.
- Көлік иесінің бұйымның болжалды немесе шешілген сапа проблемаларымен дұрыс пайдаланбауынан туындаған зақым.

Өзге ережеден тыс жағдайлар

Осы кепілдікте қарастырылған ақауларды жоюды BYD компаниясы ғана кепілдік мерзім ішінде орындайды және барлық өзге айқын немесе ұйғарынды кепілдіктерді (өзгелерімен қатар тауарлық жарамдылық кепілдігін немесе қолданудың арнайы мақсаттарына, түрлеріне немесе қосымшаларға және т.б. қолданылатын кепілдіктерді қоса алғанда) айқын ауыстырады немесе есептен шығарады. BYD компаниясы пайданы және беделді жоғалтуды қоса алғанда, өзге кез келген себептен туындаған кездейсоқ, жанама немесе нақты залалдар үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Қосымша құқықтық нормалар болмаған жағдайда BYD компаниясының осы кепілдік нұсқаулығына сәйкес әрбір оқиға немесе байланысты оқиғалар топтамасы үшін өзіне қабылдайтын жауапкершілігі көлік иесінің даулы бұйым және/немесе қызмет үшін төлеген жалпы сомасынан аспайтын болады.

Көлік иесіне арналған хабарлама

- Көлік иесі көлік құралының BYD нұсқаулығының талаптарына сәйкес пайдаланылуына және техникалық қызмет көрсетілуіне, сондай-ақ орындалған шаралардың сипаттамаларымен бірге VIN нөмірін, сервис орталығының атауы мен мекенжайын, жүрілген жолды, жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету күнін қоса алғанда, көлік құралына техникалық қызмет көрсету туралы толық және дәл жазбалардың жүргізілуі үшін жауапкершілік көтереді, бұл жазбалар келесі сатып алушыға берілуі тиіс. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген автокөлікті пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нақты нұсқаулықтар мен ұсыныстарды елемеген жағдайда жаңа көлікке осы шектеулі кепілдік жойылуы мүмкін.
- Осы кепілдік BYD Пайдалану нұсқаулығының қағидаларында қарастырылмаған қолданудың және техникалық қызмет көрсетудің нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде пайда болған кез келген зақымдарға және/немесе ақауларға қолданылмайды.
- Бұйымның кемшіліктерімен байланысты жанама залал немесе одан кейінгі шығыстар кемшіліктер үшін материалдық жауапкершілікке сәйкес қарастырылуы тиіс.
- Сымдардың барлық пломбалары мен гермокірістері бүтін болуы тиіс және қандай да бір орынсыз манипуляцияларға ұшырамауы тиіс.
- BYD компаниясының түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарлары BYD автокөліктері белгіленген қауіпсіздік және сенімділік стандарттарына сәйкес келетіндей етіп арнайы әзірленген. Сондықтан біз көлік иесіне өз автокөлігінде тек BYD компаниясының түпнұсқа қосалқы бөлшектері мен аксессуарларын қолдануға кеңес береміз. Өзге өндірушілердің бөлшектерінің және аксессуарларының BYD компаниясында сынақтан өткізілмегенін және мақұлданбағанын және нарыққа тұрақты түрде мониторинг жүргізетініне қарамастан, BYD компаниясының олардың бөлек бұйым ретінде де, біздің автокөліктерімізге орнатқан жағдайда да жарамдылығы мен қауіпсіздігін бағалай алмайтынын ескеріңіз. Осы кепілдік мұндай бөлшектерді немесе

аксессуарларды орнатумен байланысты кез келген жанама залалға таралмайды.

- Көлік құралының жүргізушісі автокөліктің ескерту/мониторинг жүйелері іске қосылған жағдайда жанама шығындардың алдын алу үшін дереу шаралар қолдануы тиіс.
 - Көлік құралының иесі сервис шеберханасына жөндеуді және/немесе қызмет көрсетуді аяқтауы үшін сервис орталығының өзі анықтаған ақылға сыйымды уақыт беруі тиіс, бұл туралы көлік иесіне алдын ала хабарлануы тиіс. Сервис орталығының жөндеудің және/немесе қызмет көрсетудің аяқталғаны туралы хабарлауынан кейін автокөліктің уақтылы кері қайтарылуы және мұнымен байланысты шығыстар үшін жауапкершілік көлік иесіне жүктеледі.
- Егер міндетті қолданылатын ұлттық заңнамада өзгесі қарастырылмаған болса, BYD компаниясы көлік иесінің көлік құралымен байланысты өзгелерімен қатар BYD сервис орталығына және одан немесе BYD дилеріне және одан тасымалдауды, көлік құралының құнын жоғалтуын, уақытты жоғалтуды, табысты жоғалтуды, қолдану мүмкіндігін жоғалтуды, жеке немесе коммерциялық мүлікті жоғалтуды, ыңғайсыздықты немесе ауырлататын мән-жайларды, эмоциялық стресті немесе зиянды, коммерциялық шығынды (өзгелерімен қатар жіберіп алынған пайданы немесе жалақыны қоса алғанда), сүйреу шығыстарын, автобуспен жүру ақысын, автокөлікті жалға алуды, қызметтік қоңыраулардың ақысын төлеуді, жанармай шығыстарын, тұру шығыстарын, сүйреуші көлік құралының зақымдалуын және телефон қоңыраулар, факсимильді жіберілімдер және пошталық шығыстар секілді болжанбаған шығыстарды қоса алғанда, кез келген жанама, кездейсоқ, әдейі және әрмен қарайғы шығындар үшін жауапкершіліктен бас тартады.
- Осы BYD NEV Шектеулі кепілдік бойынша нұсқаулығы көлік құралының осы шектеулі кепілдігінің сипатталған талаптарының аясында бірінші дара көлік иесінен кейін және заңды негіздермен көлік құралына иелік етуге кіріскен кез келген тұлғаға (келесі сатып алушы) беріле алады. Автокөлікті басқаға сатқан жағдайда келесі иесінің бұл ақпаратпен танысуға

мүмкіндігі болуы үшін осы Нұсқаулық сіздің BYD автокөлігіңізде қалуы тиіс.

- Кейбір құзыреттіліктерде және/немесе жергілікті билік органдарында кепілдік жөндеуге салық салынуы мүмкін. Егер қолданылатын заңнама мүмкіндік берсе, мұндай салықтардың төленуі үшін жауапкершілікті көлік иесі көтереді.
- BYD автокөлігін сатып алғаннан кейін кейбір клиенттер оны нақты қолданысқа арнап, мысалы, нақты коммерциялық мақсаттар үшін қайта жабдықтайды. Мұндай жағдайларда осы BYD NEV Шектеулі кепілдік бойынша нұсқаулығы тек автокөліктің модификацияланбаған немесе үшінші тараптың модификациялауына түспеген бөлшектеріне ғана қолданылады. BYD компаниясы өзінің кез келген көлік құралдарының кез келген қайта жабдықталуының/модификациялануының нәтижесінде туындаған кез келген залалдар, кінәрат-талаптар, міндеттемелер, шығындар, шығыстар және кез келген сипаттағы нұқсан үшін жауапкершілік көтермейді. BYD автокөлігін қайта жабдықтаушы/модификациялаушы үшінші тарап өзінің қалауы бойынша кепілдік ұсына алады. Тиісті тараптың ұсына алатын кез келген кепілдіктері туралы толық ақпарат алу үшін клиенттерге тиісті тараппен кеңесіп алу ұсынылады.
- Егер қандай да бір шарт заңсыз немесе орындалмайтын деп танылса, ол осы кепілдіктен алып тасталынады, ал қалған талаптардың заңдылығы мен қолданылуы қозғалмайды.
- Қолданылатын кепілдік автокөлік бастапқыда сатып алынған елдің заңнамасына сәйкес таралады және түсіндіріледі.
- BYD компаниясы бүкіл қызмет көрсетудің немесе жөндеудің BYD авторландырылған сервис орталығында ғана өткізілуін талап етпейтініне қарамастан, сіз сәйкес емес техникалық қызмет көрсетуге немесе жөндеуге байланысты әрмен қарай шығыстардың өтелуіне жол берілмей, осы BYD NEV Шектеулі кепілдігі жарамсыз болуы мүмкін екенін түсінуіңіз керек. BYD авторландырылған сервис орталықтарының сіздің автокөлігіңізге қызмет көрсетуге қажетті арнайы даярланған қызметкерлер құрамы, қажетті білімдері, құралдары мен шығыс материалдары бар. BYD NEV Шектеулі кепілдігі бойынша нұсқаулықтың

ережелері мен талаптарына сәйкес тәуелсіз сервис орталықтарында техникалық қызмет көрсетуді немесе жөндеуді жүргізумен байланысты шығындардың өтелуі қамтамасыз етілетініне қарамастан, BYD техникалық, сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды BYD компаниясының уәкілетті сервистік орталықтарында орындатуға қадала кеңес береді.

- Кепілдікті қызмет көрсетуді жүргізу үшін иесіне автокөлікті міндетті түрде автокөлік бастапқыда BYD компаниясынан сатып алынған тиісті өңірге қайтару ұсынылады, өйткені басқа өңірлер тиісті қосалқы бөлшектерді ұсына алмауы немесе тиісті көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мүмкіндігі болмауы мүмкін, сонымен қатар сатудан кейінгі қызмет көрсетудің үздіксіздігіне кепілдік береді.
- BYD NEV шектелген кепілдігі бойынша барлық кінәрат-талаптар осы кепілдік құжатында айтылған шарттармен регламенттеледі.
- Коллизиялық құқық принциптерін қоспағанда, осы нұсқаулықты автокөлік алғаш сатып алынған елдің заңнамасына сәйкес түсіндіру, интерпретациялау және қолдану қажет. Осы нұсқаулықтан немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау оның бар болуына, жарамдылығына немесе күшінің тоқтатылуына қатысты кез келген сұрақтарды қоса алғанда, жай құзыреттілікті қоспағанда, бір арбитрмен Халықаралық сауда палатасының арбитраж ережелеріне сәйкес түпкілікті және міндетті түрде шешілуі тиіс. Арбитраждық талқылау Гонконгта жүзеге асырылуы және ағылшын тілінде өткізілуі тиіс.

Қосымша

Аспаптар тақтасын ауыстыру туралы жазба

Күні

Жалпы жүрілген жол

Сервис орталығы

(Ресми мөр немесе қолтаңба)

(Ресми мөр немесе қолтаңба)

(Ресми мөр немесе қолтаңба)

(Ресми мөр немесе қолтаңба)

(Ресми мөр немесе қолтаңба)

(Ресми мөр немесе қолтаңба)

BUILD YOUR DREAMS

ТЕК ТМД ЕЛДЕРІ ҮШІН.

RU_V0, ШЫҚҚАН КҮНІ: 2024 ЖЫЛҒЫ 26 АҚПАН.